

УДК 341

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Ахатов Айдос Булатұлы

akhatovaidos4879@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығының 3-курс студенті
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
Ғылыми жетекші – Сейдеш Б.Б

Аннотация

Тақырыптың өзектілігі: Халықаралық қылмыстар үшін жеке тұлғалардың жауаптылығы тұтастай алғанда мемлекеттің халықаралық-құқықтық жауапкершілігінен ажыратылмайды. Сонымен қатар, халықаралық құқық жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстарға қатысы болған жағдайда олардың тікелей халықаралық жауапкершілігін көздейді. Халықаралық юрисдикция өз мемлекетінің атынан да, өзінің жеке сапасында да қылмыс жасаған адамдарға қолданылады. Халықаралық құқықта 1970 жылғы Гаага Конвенциясында бекітілген ("либо суди, либо выдай") осы адамдардың жазасының бұлтартпастығы принципі қолданылады. Осы Конвенцияның 2-бабы мемлекетті халықаралық қылмыс жасаған адамдарды осы Мемлекеттің заңдарына сәйкес қылмыстық жауаптылыққа тартуға міндеттейді. Егер мемлекет мұны жасамаса, бұзушы халықаралық құқық негізінде жазалануы мүмкін.

Кілт сөздер: жеке құқық, жеке тұлға, жауапкершілік, мемлекет, субъектілер, Қылмыстық Соттың құжаттары, халықаралық құқық субъектісі.

Аннотация

Актуальность темы статьи: Ответственность физических лиц за международные преступления в целом неотделима от международно-правовой

ответственности государства. Вместе с тем международное право предусматривает непосредственную международную ответственность физических лиц в случае их причастности к международным преступлениям. Международная юрисдикция распространяется на лиц, совершающих преступления как от имени своего государства, так и в своем личном качестве. В международном праве действует принцип неотвратимости наказания этих лиц, закрепленный в Гаагской конвенции 1970 г. ("либо суди, либо выдай"). Статья 2 данной Конвенции обязывает государства привлекать лиц, совершивших международные преступления, к уголовной ответственности в соответствии с законодательством данного государства. Если государство не делает этого, нарушитель может быть наказан на основании международного права.

Ключевые слова: частное право, личность, ответственность, государство, субъекты, документы уголовного суда, субъект международного права.

Annotation

Relevance of the research article: *The responsibility of individuals for international crimes is generally not separated from the international legal responsibility of the state. In addition, international law provides for direct international responsibility of individuals if they are involved in international crimes. International jurisdiction applies to persons who have committed crimes both on behalf of their state and in their personal capacity. International law applies the principle of the inevitability of punishment for these persons, as set out in the Hague Convention of 1970 ("either judge or judge"). Article 2 of this Convention obliges a state to bring to criminal responsibility persons who have committed international crimes in accordance with the law of that state. If the state does not do so, the violator may be punished on the basis of international law.*

Keywords: *private law, personality, responsibility, state, subjects, criminal court documents, subject of international law.*

Халықаралық жауапкершілік дегеніміз – халықаралық құқық субъектілерінің халықаралық құқық нормаларының бұзғаны үшін және өзінің халықаралық міндеттемелерін бұзған үшін көзделген заңды санкциялар (ол санкциялар мемлекет тарапына қолданылатын (негативная посредствие) жағымсыз әрекеттер.

Жеке тұлғаны халықаралық қылмыстық жауапкершілікке тарту институтының өзектілігі туралы Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін қабылданған бірнеше құжаттардың ережелерінде де көрсетілген болатын: 1949 жылғы соғыс құрбандарын қорғау туралы Женева конвенциясы, 1977 жылы оған қосымша қабылданған протоколдар, 1954 жылғы мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясы.

Сонымен қатар 1993 жылы құрылған Югославия Халықаралық Трибуналы мен 1994 ж. Руанде Трибуналы, 2002 ж. Сьерра-Леоне Арнайы соты, 1998ж. Халықаралық Қылмыстық Соттың құжаттарында да осы мәселе көтерілді. Сондықтан да жеке тұлғаның халықаралық қылмысы үшін жауапкершілігі туралы құжаттар кешенін зерттеу, талдау және жетілдіру, оны халықаралық және ұлттық сот органдары қызметінде тиімді қолдану маңызды ғылыми қызығушалаққа ие өзекті мәселе болып табылады.

Жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстар үшін жауапкершілік институты мынадай ресей ғалымдарымен зерттелген: И.Н. Арцибасов, И.П. Блищенко, Р.М. Валеев, Л.Н. Галенская, В.Э. Грабарь, В.Н. Дурденевский, Р.А. Каламқарян, А.Я. Капустин, И.И. Карпец, Ю.М. Колосов, И.И. Котляров, В.Н. Кудрявцев, Д.Б. Левин, И.И. Лукашук, Ф.Ф. Мартенс.

Зерттеу объектісі қарулы қақтығыстар (халықаралық және халықаралық емес сипаттағы) жағдайындағы және сонымен қатар, мемлекеттердің қарулы қақтығыстарымен байланыссыз халықаралық қылмыс жасағаны үшін жеке тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту барысындағы мемлекеттер арасындағы қоғамдық қатынастар болып табылады. Көптеген уақыт бойы кеңестік халықаралық құқық ғылым өкілдері жеке тұлғаның халықаралық құқық субъектілігін мойындаудан бірауыздан бас тартты. Кеңестік құқықтық әдебиеттерде жеке тұлғалар халықаралық құқық субъектісі болып табылмайтындығы жалпы халық мойындаған деп танылды.

Батыстық халықаралық-құқық доктринасында жеке тұлға халықаралық құқық субъектісі болып табыла ма, жоқ па деген мәселе төңірегінде пікірлер жан- жақты. Барлық көзқарасты төрт топқа бөлуге болады:

1) Жеке тұлға – халықаралық құқықтың жалғыз субъектісі. Аталған пікір солидарлық құқық мектебінің өкілдеріне тән. Олар: Брайрли, Л.Дюги, Г.Краббе, Ж.Ссель.

2) Жеке тұлға – халықаралық құқықтың классикалық субъектілермен қатар, туынды немесе қосымша субъектісі болып табылады. Бұл пікірді Л.Оппенгейм, Г.Шварценбергер, Ч.Руссо, К.Триндейд, Р.Хиггинс, Л.Хенкин және тіпті ағылшын ғалымы Г.Лаутерпахт 1950 жылдың өзінде Международное право прав человека атты еңбегінде жеке тұлғаның халықаралық құқық субъектісі ретінде мойындау үшін кедергі нормалардың жоқтығын атап көрсеткен болатын. Кейіннен, 1980 жылы БҰҰ Халықаралық Қылмыстық Сотының бірнеше жыл бойы төрағасы болып қызмет атқарған уругвайлық заңгер Э. Хименес де Аречага мемлекетаралық шарттармен жеке тұлғалардың нақты бір құқықтарға, сонымен қатар, осы құқықтарды халықаралық әдістермен қорғауға ие болуы жайлы жазған болатын. Жеке тұлға халықаралық құқық субъектісі болып табылмайды, алайда кейбір халықаралық нормалар бойынша бенефициар ретінде қатысу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Сонымен қатар, жекелеген халықаралық құқыққатынастар бойынша жеке тұлға нақты құқықтар мен міндеттерге ие бола алады, бірақ бұл халықаралық құқық субъектісі бола алады деген пікір емес (Д.Анцилотти, А.Фердросс, В.Фридманн, Ф.Джессеп т.б.)

3) Жеке тұлғаның құқықсубъектілігі мәселесін теоретикалық тұрғыдан шешуден бас тарту позициясы. Тиімділік қағидасы негізінде туындаған бұл көзқарасты жақтаушы ағылшын заңгері Ян Броунлидің пікірінше, халықаралық құқық субъектісі дегеніміз құқықтар мен міндеттерге ие болуға қабілетті және сонымен қатар, оны халықаралық талап қоя отырып қорғай алатын субъект.

Алайда жеке тұлғаны халықаралық құқық субъектісі ретінде мойындау мәселесін орыс ғалымдары теріске шығарады. Атап айтқанда, С.В.Черниченко жеке тұлғалардың халықаралық органдарға тікелей қолжетімділігі оны халықаралық құқықсубъектілікке ие болуын мүлде білдірмейді деп есептейді. Оның пікірінше, мұндай жағдайларда халықаралық құқыққатынас (жеке тұлғаның халықаралық органдарға қол жетімділігі жағдайында) мемлекеттер арасында туындайды, ал мұндайға қол жеткізген жеке тұлғаларда олардың бұл органдармен үздіксіз қатынас жасағанына қарамастан, құқыққатынастар аталған органдарды құрған мемлекеттер арасында туындайды. Сонымен қатар, жеке тұлғалардың халықаралық құқықта жауапкершілік көтере алу фактісі жағдайында да олар халықаралық құқық субъектісі болып табылмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Богуславский М.М. Международное частное право: Учебник. - 4-е изд., перераб. и доп. - М: Юристъ, 2002
2. Гетьман-Павлова, И. В. Международное частное право / И.В. Гетьман-Павлова. - М.: Юрайт, 2013.
3. Международное частное право / Л.П. Ануфриева и др. - М.: ТК Велби, Проспект, 2016.
4. Попова, А. В. Международное частное право / А.В. Попова. - М.: Питер, 2013.